

Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 31 наурыздағы № 66 "Абай облысында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Абай облысы әкімдігінің 2024 жылғы 26 тамыздағы № 162 қаулысы. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 29 тамызда № 318-18 болып тіркелді

Абай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Абай облысында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы" Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 31 наурыздағы № 66 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 37-18 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Абай облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Абай облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Абай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай облысы әкімінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Әкімдіктің осы қаулысы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай облысы әкімі

Н. Уранхаев

Абай облысы әкімдігінің

2024 жылғы 26 тамыздағы

№ 162 қаулысына

қосымша

Абай облысы әкімдігінің

2023 жылғы "31" наурыздағы

№ 66 қаулысымен

бекітілген

Абай облысында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ ақшалай сыйақының мөлшері

Көтермеледің түрлері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелесу түрлері:
 - 1) Құрмет грамотасы;
 - 2) Алғыс хат;
 - 3) Ақшалай сыйақы.

Көтермелесу дің тәртібі

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелесу мәселелерін Абай облысы әкімдігімен құрылған қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, қылмыстардың алдын алуға және ашуға ықпал еткен азаматтарды көтермелесу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды.

3. Қоғамдық тәртіпті сақтауда, қылмыстардың алдын алуда және жолын кесуде белсенді қолдау көрсеткен азаматтарды көтермелесу туралы ұсыныстарды Комиссияға қарауға "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Абай облысының Полиция департаменті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Полиция департаменті) ұсынады. Сол азамат наградтауға тоқсан ішінде бір реттен артық ұсыныла алмайды.

4. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелесу үшін негіз болып табылады, оның отырыстары тоқсан сайын және тиісті тоқсанның соңғы айының соңғы онкүндігінде өткізіледі.

5. Комиссия жеті адамнан тұрады:

Абай облысы әкімі аппараты басшысының құқық қорғау органдарымен өзара іс – қимыл мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары – комиссия төрағасы;

Абай облысы Полиция департаментінің жергілікті полиция қызметінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы – комиссия төрағасының орынбасары;

Абай облысы әкімі аппаратының құқық қорғау органдарымен жұмыс бөлімі басшысы – комиссия мүшесі;

Абай облысы ішкі саясат басқармасының басшысы – комиссия мүшесі;

Абай облысы экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы – комиссия мүшесі;

Абай облысы қаржы басқармасының басшысы – комиссия мүшесі;

Абай облысы мәслихатының депутаты – комиссия мүшесі.

6. Комиссия отырысы төрағамен бірге оның жұмысына кемінде төрт адам қатысқан кезде заңды болып танылады. Шешім көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Шешім комиссия төрағасы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

7. Көтермелесу түрін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

8. Комиссия отырысының хаттамасына отырыстан кейін үш күн ішінде қол қойылады.

9. Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын, қылмыстардың алдын алуға және жолын кесуге ықпал еткен азаматтарды көтермелеге хаттамаға қол қойылғаннан кейін бір ай ішінде жүргізіледі.

10. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін азаматтарға құрмет грамотасын, алғыс хатты, ақшалай сыйақы беруді Полиция департаменті салтанатты түрде жүзеге асырады.

Ақшалай сыйақының мөлшері

11. Ақшалай сыйақының мөлшері комиссиямен белгіленеді және ол 10 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

12. Ақшалай сыйақыны төлеу Полиция департаментінің бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

13. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін Комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша Полиция департаменті бастығының бұйрығы шығарылады.

14. Көтермелеге ақы төлеуге қаражат Полиция департаменті шығыстарының құрамында жеке бағдарламамен көзделеді.